**Жеке кабинет** – Пайдаланушының жеке деректері мен жалға алу және Жалға беруші Пайдаланушыға көрсететін қызметтер туралы ақпаратты қамтитын «battomat» Сайтының немесе Қосымшасының бөлімі.

**Сайт** – Интернет-сайт [www.battomat.kz](http://www.battomat.kz)

### **2. Шарттың мәні**

2.1. Шарттың 3-тармағында айқындалған тәртіппен Жария офертаның акцептін жасай отырып, Пайдаланушы осы Шарттың талаптарымен келіседі.

2.2. Жалға беруші сыйақы үшін Пайдаланушыға оның сұрауы бойынша осы Шарттың талаптарында Зарядтау құрылғысын уақытша иеленуге және пайдалануға беруге міндеттенеді, ал

Пайдаланушы Шартта айқындалған талаптарда жарамды Зарядтау құрылғысын уақтылы қайтаруға міндеттенеді.

2.3. Жалға беруші Пайдаланушыға «battomat» қосымшасының функцияларын өтеусіз негізде қарау және пайдалану құқығын береді.

2.4. Зарядтау құрылғысын жалдау құнының тарифтері, төлеу кезінде мүмкін болатын жеңілдіктер кез келген тұлға үшін, Пайдаланушыны қоса алғанда, қолжетімді ақпарат болып табылады және Жалға беруші сайтта орналастырады. Көрсетілген мәліметтер Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Пайдаланушы Шарт жасалғанға дейін көрсетілген ақпаратпен танысқанын, оның мазмұнын түсінетінін және онымен келісетінін растайды. 3-бөлімде көрсетілген әрекеттерді жасай отырып, Пайдаланушы Шарт жасасады.

2.5. Жалға беруші Пайдаланушының келісімінсіз өз қалауы бойынша үшінші тұлғаларды Шартты орындау процесіне тартуға құқылы.

### **3. Шарт жасасу тәртібі (Оферта акцепті)**

3.1. Шартты жасасу және Жария Офертаның акцепті үшін Пайдаланушы:

- 1) Сайтта немесе «battomat» Қосымшасында қажетті деректерді, соның ішінде телефонды, төлем түбіртектерін жіберу үшін пайдаланылатын электрондық пошта мекенжайын, Пайдаланушының Жеке кабинетіне кіру үшін пайдаланылатын құпия сөзді көрсете отырып, тіркеу нысанын толтыру,
- 2) верификация коды бар смс-хабарлама алу арқылы Пайдаланушыға тіркелген телефон нөмірін пайдалануды растау;
- 3) осы Шарттың талаптарын оқып шығуы және «Мен Зарядтау құрылғысын Жалдау шартын оқып шықтым және талаптарын қабылдаймын және Шартта көрсетілген талаптар бойынша өзімнің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін» сөздердің алдына белгі қою,
- 4) «Жасау» батырмасын басуы тиіс.

3.2. Жария Офертаның акцепті Пайдаланушының жоғарыда сипатталған әрекеттерінің барлық жиынтығы болып табылады.

3.3. Пайдаланушы өзі туралы толық және сенімді ақпаратты, оның ішінде өзінің электрондық поштасының мекенжайын, тіркелген ұялы телефон нөмірін, оның атына берілген банк картасын немесе телефон нөміріне байланыстырылған Apple pay / Google pay аккаунтын растайды және кепілдік береді.

3.4. Жалға беруші Пайдаланушының өзгенің дербес деректерін, төлем деректемелерін (банк карталарын, Apple pay / Google pay аккаунттарын) пайдаланғаны үшін жауап бермейді, Пайдаланушының жеке басы мен өзі берген дербес және байланыс деректерінің сәйкестігін анықтауға міндетті емес.

### **4. Зарядтау құрылғысын алу, пайдалану және қайтару ережелері**

#### ***Станцияны іздеу***

4.1. Станциялардың аумақтық орналасуы, Зарядтау құрылғыларын беру пунктінің жұмыс кестесі, Станцияда Зарядтау құрылғысының немесе бос ұяшықтың болуы туралы ақпарат картадағы белгілі бір нүктені басқан кезде Пайдаланушының Жеке кабинетінде қолжетімді болады.

4.2. Дұрыс ақпаратты көрсету үшін Пайдаланушы Жеке кабинетке кіру, Интернетке тұрақты қол жеткізу және геолокация қызметтеріне қол жеткізу жүзеге асырылатын құрылғыда қамтамасыз етуі керек.

### ***Зарядтау құрылғыларды алу***

4.3. Зарядтау құрылғысын алу үшін Пайдаланушы келесі әрекеттерді орындауы керек:

- 1) Мобильді қосымшаны Apple store немесе Google play-ден жүктеп алыңыз, battomat мобильді қосымшасында тіркеліңіз
- 2) Әмиян бөлімінде төлем әдісін таңдау экранында осы төлем әдісін таңдап, банк картасының деректерін енгізу экранындағы тиісті өріске Зарядтау құрылғысын пайдалану үшін төлем жасалатын банк картасының деректемелерін енгізіңіз;
- 3) Әмиян бөлімінде Теңгерімді толтыру
- 4) QR кодын Автоматта сканерлеу
- 5) Станция берген Зарядтау құрылғысын алу.

4.4. Станциядан Зарядтау құрылғысын алғаннан кейін Пайдаланушы зарядтау индикаторын (Зарядтау құрылғысының қабырғасындағы жасыл шам), Зарядтау құрылғысының қабығы мен ағытпаның тұтастығын 5 (бес) минут ішінде тексеруге міндетті.

4.5. Индикатордың ақаулығы (жасыл шам жанбайды), Зарядтау құрылғысының корпусы немесе ағытпасының зақымдануы анықталған жағдайда Пайдаланушы Зарядтау құрылғысын станцияға дереу қайтаруға міндетті. Бұл ретте Пайдаланушы бұл туралы қолдау қызметіне хабарлай отырып, Станциядан өзге Зарядтау құрылғысын алуға құқылы. Егер Пайдаланушы Зарядтау құрылғысын алғаннан кейін 5 минут ішінде Жалға берушінің Қолдау қызметіне Зарядтау құрылғысының ақаулығы туралы мәлімдемеген жағдайда, құрылғы пайдалануға жарамды болып саналады және пайдалану мерзімі төленуі тиіс.

4.6. Зарядтау құрылғысын пайдалану (жалға алу) мерзімі Пайдаланушы Зарядтау құрылғысын алған сәттен бастап есептеледі және Зарядтау құрылғысын Жалға берушінің станциясына қайтару не Қолдау қызметіне жүгіну арқылы тапсырысты жабу кезінде тоқтатылады. Зарядтау құрылғысын Станцияға қайтару сәті Шарттың «Зарядтау құрылғысын қайтару» бөліміне сәйкес анықталады.

### ***Зарядтау құрылғысын пайдалану***

4.8. Пайдаланушы Зарядтау құрылғысын оның мақсатына сәйкес пайдалануға және Зарядтау құрылғысына қандай да бір конструкциялық және өзге де өзгерістер енгізбеуге, Зарядтау құрылғысын үшінші тұлғаларға пайдалануға бермеуге міндетті.

4.9. Зарядтау құрылғысында мобильді құрылғылардың әр түрлі модельдеріне арналған ағытпаның бірнеше нұсқасы бар.

4.10. Егер мобильді құрылғыны зарядтау кезінде зарядтау индикаторы толығымен сөніп қалса немесе қызыл түспен жанса, бұл Зарядтау құрылғысын зарядтау қажет екенін білдіреді.

4.11. Зарядтау құрылғысын мобильді құрылғыға қосқан кезде, соңғысы Зарядтау құрылғысының электр энергиясын пайдаланады.

4.12. Мобильді құрылғы толық зарядталғаннан кейін, ақаулардың алдын алу үшін Зарядтау құрылғысын уақтылы ажырату керек.

### ***Зарядтау құрылғысын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары***

4.13. Зарядтау құрылғысында құю-полимерлі батарея бар.

Пайдаланушыға немесе қолында ұстайтын немесе Зарядтау құрылғысын қолданатын адамға қатаң тыйым салынады:

- 1) Зарядтау құрылғысының сыртқы қабығын алуға, 2) Зарядтау құрылғысын бөлшектеуге,
- 3) Зарядтау құрылғысын қысуға,
- 4) Зарядтау құрылғысын тесуге,

- 5) Зарядтау құрылғысын суға салуға және/немесе Зарядтау құрылғысын суда және / немесе басқа сұйықтықтармен байланыста қолдануға,
- 6) Зарядтау құрылғысын отқа салуға,
- 7) Зарядтау құрылғысын температурасы 60°C-тан (140°F) жоғары жерлерге (монша/сауна/инфрақызыл сауна) қоюға;

8) тағамға қолдануға.

4.14. Жалға беруші осымен хабарлайды, ал Пайдаланушы Зарядтау құрылғысын дұрыс пайдаланбау/ мақсатсыз пайдалану Пайдаланушының, үшінші тұлғалардың, жануарлардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаның ластануына қауіп төндіруі мүмкін екенін түсінеді және келіседі. Пайдаланушы Зарядтау құрылғысын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы хабардар екенін түсінеді және келіседі және өз әрекеттері мен олардың салдары үшін дербес жауапты болады.

4.15. Зарядтау құрылғысын пайдаланғаннан кейін Пайдаланушы Зарядтау құрылғысы қандай күйде алынса, сондай техникалық жарамды күйде қайтару үшін бос ұяшықтары бар Жалға берушінің кез келген Станциясына қайтаруға міндетті.

#### ***Зарядтау құрылғысын қайтару***

4.16. Пайдаланушы тиісті тапсырыс бойынша алған Зарядтау құрылғысын қайтаруды жүзеге асырады. Пайдаланушы қайтарған Зарядтау құрылғысының нөмірі ол алған Зарядтау

құрылғысының нөміріне сәйкес келуі керек. Зарядтау құрылғысын қайтару үшін бос ұяшығы бар станцияны табу керек.

4.17. Тікелей Станцияда Зарядтау құрылғысын қайтаруға дайындау қажет: ағытпаларды тиісті ұяшықтарға шығару, Зарядтау құрылғысының корпусының зақымдалмағанына көз жеткізу.

4.18. Зарядтау құрылғысын станцияның бос ұяшығына енгізу немесе «battomat» Қосымшасына кіру және ағымдағы тарифтің қашан аяқталатыны, Пайдаланушының тапсырыс нөмірі және келесі тарифтің шарттары туралы ақпарат көрсетілген жалдау экранына кіру қажет, «Powerbank-ті қайтару» батырмасын басу қажет. 15 минут ішінде Зарядтау құрылғысын қайтаруды сұрайтын ақпараттық хабарлама көрсетілген қалқымалы терезе ашылады. Пайдаланушы Зарядтау құрылғысын Станцияның бос ұяшығына қоюы керек. Іркілістер болған жағдайда Пайдаланушы Станцияның орналасқан жерін көрсете отырып, Қолдау қызметімен байланысуы, орын алған жағдай туралы хабарлауы және Жалға беруші өкілінің нұсқаулығына сәйкес әрекет етуі қажет. Қолдау қызметімен байланысуға арналған нөмір Сайтта және мобильді қосымшада «Байланыстар» бөлімінде көрсетілген.

4.19. Жалдау терезесі жабылған кезде Зарядтау құрылғысын жалдау мерзімі аяқталды, ал Зарядтау құрылғысы қайтарылды деп саналады. Зарядтау құрылғысын Автоматқа тапсырған сәттен бастап жүйе ақпаратты өңдегенге дейін және Зарядтау құрылғысын сәтті қайтару туралы көрсетілген жазба пайда болғанға дейін бірнеше секундтан 3 минутқа дейін уақыт өтуі мүмкін. Зарядтау құрылғысын қайтаруды өңдеу бойынша көрсетілген уақыт Пайдаланушының жалға алу кезеңіне

кіреді және Зарядтау құрылғысын жалға алу бойынша Пайдаланушы таңдаған тариф бойынша төленуі тиіс.

4.20. Егер Пайдаланушы Зарядтау құрылғысын қайтарса, ал Станция оны анықтамаса (жалдау терезесі 3 минуттан астам уақыт ішінде жабылмайды), Пайдаланушы бұл туралы Қолдау қызметіне хабарлауға және Жалға беруші өкілінің нұсқаулығына сәйкес әрекет етуге міндетті. Зарядтау құрылғысын жалдаудың аяқталу сәтін және қайтаруды Қолдау қызметі нақты жағдайларға сүйене отырып анықтайды.

4.21. Егер Зарядтау құрылғысының зақымдануы немесе жоғалуы салдарынан қайтару мәселесі туындаса, Пайдаланушы Шарттың талаптарына сәйкес жауап береді.

4.22. Зарядтау құрылғысы зақымдалған немесе жоғалған жағдайда Пайдаланушы бұл туралы Қолдау қызметіне хабарлауға міндетті. Қолдау қызметіне болған оқиға туралы хабарлаған сәтке дейін тапсырыс белсенді болып табылады және Шарттың 5-бөліміне сәйкес Пайдаланушы төлеуге тиіс. Пайдаланушы Зарядтау құрылғысын бүлдірген немесе жоғалтқан жағдайда, Жалға беруші Шарттың 8-бөліміне сәйкес белгіленген мөлшерде Пайдаланушының банктік картасынан айыппұлды есептен шығаруға құқылы.

4.23. Егер Пайдаланушы тапсырыс бойынша бұрын алған Зарядтау құрылғысынан өзгеше Зарядтау құрылғысын қайтаруды жүзеге асырған жағдайда (Зарядтау құрылғысының басқа нөмірімен), онда Пайдаланушының тапсырысы алынған Зарядтау құрылғысы қайтарылғанға дейін жарамды болып саналады.

## **5. Шарттың бағасы және ақы төлеу тәртібі**

5.1. Шарттың бағасы тиісті Станция үшін белгіленген тарифке сәйкес Пайдаланушы таңдаған уақыт аралығы үшін Зарядтау құрылғысын пайдалану құны түрінде белгіленеді.

5.2. Тарифтер, Зарядтау құрылғысын пайдалану тарифінде айқындалған минут/ жарты сағат / сағат / тәулік / апта / ай / жарты жыл /жыл не өзге уақыт аралығының нақты құны Сайтта немесе Станцияда көрсетіледі. Жалға беруші бүкіл пайдалану кезеңі үшін бір Зарядтау құрылғысы үшін жалдау ақысының ең жоғары сомасын белгілеуге құқылы.

5.3. Жалға беруші Шарттың 8.2-тармағында көрсетілген Зарядтау құрылғысының құнынан аспайтын мөлшерде банк картасының шотындағы соманы оқшаулау/ оқшаулаудан ала отырып, Пайдаланушының банк картасының сәйкестілігін тексеруге құқылы. Егер Пайдаланушы тегін тестілік пайдалану мерзімі белгіленген Станциядан Зарядтау құрылғысын алған және көрсетілген тестілік пайдалану мерзімі өткенге дейін Зарядтау құрылғысын зақым келтірмей қайтаруды жүзеге асырған жағдайда, Пайдаланушының банктік картасынан ақша қаражаты есептен шығарылмайды. Жалға берушінің картаны валидациялау үшін қажетті ақша қаражаты болмаған кезде Пайдаланушыға Зарядтау құрылғысын беруден бас тартуға құқығы бар. Шарт шеңберіндегі барлық төлемдер Пайдаланушының Жеке кабинетінде деректері көрсетілетін Пайдаланушының банктік картасынан ақша қаражатын есептен шығару арқылы жүзеге асырылады. Мұндай төлемдер Пайдаланушыдан қосымша растауды талап етпейді.

5.4. Онлайн-төлем Visa және MasterCard Халықаралық төлем жүйелерінің ережелеріне сәйкес банктік карталар арқылы төлемнің құпиялылығы мен қауіпсіздігі қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады. Банк картасының деректерін енгізу CloudPayments төлем бетіндегі қорғалған терезеде жүзеге асырылады.

5.5. Төлемдер Cloudpayments жүйесін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Қызметті Cloudpayments жүйесі арқылы төлеу кезінде төлемді аудару шарттары (оның ішінде төлем үшін комиссия алу және оның мөлшері) көрсетілген жүйенің ережелерімен белгіленеді. Пайдаланушы төлем жасалғанға дейін көрсетілген ережелермен танысқанын және олармен келісетінін растайды.

5.6. CloudPayments процессингтік орталығы PCI DSS 3.0. қауіпсіздік стандарты бойынша Пайдаланушының банктік картасының деректерін қорғайды және өңдейді. Төлем шлюзіне ақпарат беру SSL шифрлау технологиясын қолдану арқылы жүзеге асырылады. Ақпаратты одан әрі беру ең жоғары сенімділік деңгейі бар жабық банктік желілер арқылы жүзеге асырылады. CloudPayments Пайдаланушы картасының деректерін Жалға берушіге және басқа үшінші тұлғаларға бермейд. Карта ұстаушысын қосымша сәйкестендіру үшін 3-D Secure хаттамасы қолданылады.

5.6. Пайдаланушы ұсынатын дербес ақпарат (аты, мекенжайы, телефон, e-mail, несие картасының нөмірі) құпия болып табылады және жария етуге жатпайды. Пайдаланушының кредиттік картасының деректері тек шифрланған түрде ғана беріледі және біздің Web-серверде сақталмайды. Интернет-төлемдерді өңдеу қауіпсіздігіне «CloudPayments Kazakhstan» ЖШС кепілдік береді. Төлем карталарымен жасалатын барлық операциялар VISA International, MasterCard және басқа төлем жүйелерінің талаптарына сәйкес жүргізіледі. Ақпаратты беру кезінде карточкалық онлайн-төлемдер қауіпсіздігінің мамандандырылған технологиялары пайдаланылады, деректерді өңдеу процессингтік компанияның қауіпсіз жоғары технологиялық серверінде жүргізіледі.

Егер Пайдаланушы Зарядтау құрылғысын пайдалана бастаған сәтте оң теңгерімі бар банк картасының дұрыс деректерін ұсынбаса, Жалға беруші Пайдаланушыға Зарядтау құрылғысын беруден бас тартуға не кейіннен Пайдаланушының банктік картасынан берешекті есептен шығара отырып, Зарядтау құрылғысын беруге құқылы.

5.7. Зарядтау құрылғысын пайдаланғаны үшін төлем аванспен жүзеге асырылады.

5.8. Пайдаланушының жеке кабинетінде уақыт есептегіші төлемнің кезекті есептен шығарылуының қай сәтте болатынын және төлем сомасын көрсетеді.

5.9. Пайдаланушының банктік картасынан ақша қаражатын есептен шығару нәтижелері бойынша тіркеу кезінде көрсетілген Пайдаланушының электрондық мекенжайына жүргізілген төлемді растайтын құжат жіберіледі.

5.10. Банк картасында қаражаттың жеткіліксіз болуы, банк картасының деректерін дұрыс енгізбеу, банк картасының қолданыс мерзімінің өтуі және басқа да негіздер себебінен төлемді есептен шығару мүмкін болмаған жағдайда Жалға беруші бұл туралы Пайдаланушыға Жеке кабинеттегі хабарлама, электрондық пошта арқылы хабарлайды. Жалға берушінің тіркеу кезінде берілген телефон нөмірін пайдалана отырып, Зарядтау құрылғысын пайдаланғаны үшін берешекті төлеу қажеттігі туралы Пайдаланушыға хабарлауға құқығы бар.

5.11. Пайдаланушыға осы Шарттың 8.4-тармағында белгіленген мөлшерде Зарядтау құрылғысын қайтару сәтіне дейін Зарядтау құрылғысын пайдаланғаны үшін берешек есептеледі.

5.12. Пайдаланушы қаражатты есептен шығаруға кедергі келтіретін фактілерді жойған сәтте, сондай-ақ Пайдаланушы Зарядтау құрылғысын қайтарғанға дейін кез келген сәтте Жалға беруші Пайдаланушының банктік картасынан есептелген берешек сомасын есептен шығаруға құқылы.

5.13. Егер Пайдаланушы берешекті және төлемді есептен шығарудың мүмкін еместігі туралы Пайдаланушыға хабарлаған сәттен бастап 24 сағат ішінде төлем жасау үшін кедергілерді жоймаса, онда Жалға беруші Пайдаланушының Жеке кабинетке кіруін бұғаттау және кейіннен басқа Зарядтау құрылғысын алу мүмкіндігіне тыйым салу арқылы Шартты бұзуға құқылы.

5.14. Егер Пайдаланушы Зарядтау құрылғысын ақылы пайдалану уақыты аяқталғанға дейін қайтарса, қайта есептеу жүргізілмейді.

5.15. Жалға беруші төлемдерді қабылдау және өңдеу процесін жүзеге асыруға агенттерді және осы салада делдалдық қызметтер көрсететін кез келген өзге де тұлғаларды тартуға құқылы.

## **6. Шарттың қолданылу мерзімі**

6.1. Шарт белгіленбеген мерзімге жасалады.

6.2. Шарттың қолданылу мерзімі (бір Зарядтау құрылғысын үздіксіз пайдалану мерзімі) Зарядтау құрылғысын қайтару сәтімен немесе Қолдау қызметіне жүгіну арқылы тапсырыстың жабылуымен анықталады.

6.3. Пайдаланушының Зарядтау құрылғысын жоғалтуы Шартты бұзу болып табылады, ол үшін Жалға беруші Пайдаланушының Жеке кабинетке кіруін бұғаттау арқылы Шартты бұзуға және Шартта көзделген жауапкершілік шараларын қолдануға құқылы.

## **7. Тараптардың өзге де құқықтары мен міндеттері**

7.1. Пайдаланушы электрондық пошта мекенжайын Жеке кабинетке кіру үшін телефон нөмірін пайдалану арқылы өзгерте алады.

7.2. Пайдаланушы Зарядтау құрылғысының жоғалғаны және/немесе зақымдалғаны туралы Жалға берушіге дереу (бір күнтізбелік күннен кешіктірмей) хабарлауға міндетті. Аталған міндет орындалмаған жағдайда Жалға беруші Пайдаланушыдан Зарядтау құрылғысының жоғалу немесе бүліну себептері мен мән-жайларына қарамастан оның құнын өтеуді талап етуге құқылы.

7.3. Пайдаланушы Шартты немесе Негіздемелік шартты бұзған жағдайда Жалға беруші Пайдаланушының Жеке кабинетке кіруін бұғаттау жолымен Шартты және Негіздемелік шартты бұзуға не өз қалауы бойынша басқа Зарядтау құрылғысын алу мүмкіндігін шектеуге құқылы.

7.4. Жалға беруші Пайдаланушыдан берешекті өндіріп алу жөніндегі өз құқықтарын Пайдаланушының қосымша келісімінсіз кез келген үшінші тұлғаға беруге құқылы.

## **8. Тараптардың жауапкершілігі**

8.1. Пайдаланушы Зарядтау құрылғысын пайдалану бойынша төлем міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Жалға беруші есептеуге құқылы, ал Пайдаланушы мерзімі өткен әрбір күн үшін қарыз сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндеттенеді.

8.2. Зарядтау құрылғысы зақымдалған немесе жоғалған, Зарядтау құрылғысының сыртқы түрі/ресімделуі өзгерген, оның ішінде жапсырмалармен желімделген жағдайда, Пайдаланушы ақы төлеуге міндетті, ал Жалға беруші Пайдаланушының банктік картасынан Зарядтау құрылғысының толық құны 9000 теңге мөлшерінде айыппұлды есептен шығаруға құқылы.

8.3. Пайдаланушы Зарядтау құрылғысын коммерциялық мақсатта пайдалануға құқылы емес. Пайдаланушы Зарядтау құрылғысын кәсіпкерлік немесе басқа коммерциялық мақсаттарда пайдаланған кезде Пайдаланушы төлеуге міндетті, ал Жалға беруші Пайдаланушының банктік картасынан 9000 теңге мөлшерінде айыппұлды есептен шығаруға құқылы.

8.4. Жалға беруші Зарядтау құрылғысын қайтарған немесе Қолдау қызметі арқылы тапсырысты жапқан сәтке дейін Пайдаланушының банктік картасынан жалдау ақысын есептен шығаруға құқылы. Зарядтау құрылғысын жалға алғаны үшін Пайдаланушының банктік картасынан жалдау ақысын есептен шығарудың шекті лимиті Зарядтау құрылғысын қайтаруда мерзімін өткізіп алғаны үшін 9 000 (тоғыз мың) теңге мөлшерінде белгіленген.



8.5. Жалға беруші Пайдаланушының және/немесе өзге үшінші тұлғалардың мүлкіне және денсаулығына келтірілген зиян үшін және Пайдаланушы Зарядтау құрылғысын пайдаланған жағдайда, қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, ақаулы күйінде немесе Пайдаланушы Шартта көрсетілген қауіпсіздік шараларын сақтамаған жағдайда кез келген өзге салдарлар үшін жауапты болмайды.

8.6. Жария Офертаның шарттарын қабылдап және Зарядтау құрылғысын ала отырып, Пайдаланушы Зарядтау құрылғысын алған кезде өзі пайдаланатын телефон нөмірінің, банк карточкасының адал иесі болып табылатынына кепілдік береді. Пайдаланушы банк карточкасының деректемелерін, оның атына тіркелмеген телефон нөмірін пайдалану тәуекелдерін өзіне қабылдайды, сондай-ақ адал иеленуші мен Жалға беруші шеккен ықтимал шығындарды өтеуі тиіс.

## **9. Шартты өзгерту тәртібі**

9.1. Жалға беруші Шарттың талаптарына қандай да бір арнайы хабарламасыз біржақты тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Осы Шарт ашық және жалпыға қолжетімді құжат болып табылады. Қолданыстағы редакция Интернет желісінде мына мекенжай бойынша орналасады: <https://battomat.kz>. Жалға беруші Пайдаланушыларға осы Шарттың талаптарын өзгерту және/немесе толықтыру тұрғысынан үнемі тексеріп отыруды ұсынады. Шарттың өзгертілген редакциясын, сондай-ақ Шарттың жаңа редакциясын орналастыру Пайдаланушыға Шарттың талаптарын өзгертуді ұсыну болып табылады.

9.2. Егер Пайдаланушы Шарттың жаңа талаптарының қолданылу кезеңінде Зарядтау құрылғысын пайдалануға алу үшін қажетті әрекеттерді жасаса, сондай-ақ Шарттың жаңа редакциясы / Шарттың бұрын қолданыста болған редакциясына өзгерістер жарияланғанға дейін алынған Зарядтау құрылғысын пайдалануды жалғастырса, мұндай әрекеттер Жалға беруші ұсынған өзгерістермен Пайдаланушының келісімі (акцепті) болып табылады.

## **10. Қолданылатын заңнама және дауларды шешу тәртібі**

10.1. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

10.2 Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешілуі тиіс.

10.3. Кез-келген хаттар мен хабарламалар Тараптарға пошта, электрондық пошта арқылы немесе Жалға берушінің Пайдаланушының Жеке кабинетіне хабарлама жіберуі мүмкін.

10.4. Егер дау келіссөздер арқылы реттелмеген жағдайда, ол Жалға берушінің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының құзыретті сотына шешуге берілуі мүмкін.

## **11. Басқа шарттар**

11.1. Егер Шартта өзгеше тікелей көзделмесе, Тараптар электрондық пошта арқылы және/немесе Жеке кабинет арқылы жіберілген құжаттардың заңды күшін таниды, сондай-ақ көрсетілген құжаттардың қағаз жеткізгіштерде жасалған және тиісті тұлғаның өз қолымен қол қойған құжаттары тең мәнді құжаттар болып табылатындығымен келіседі.

11.2. Электрондық поштаға және/немесе телефонға жіберілген хабарламаларды адресаттың өзі немесе олар жіберілген пошта қызметі оларды алғанын растаған кезде адресат алған болып есептеледі.

11.3. Пайдаланушы Жалға берушіге Жалға берушіге кез келген нысанда берілетін өзінің кез келген дербес деректерін жинауға, өңдеуге және пайдалануға өз келісімін береді, атап айтқанда, оның ішінде, бірақ онымен шектелмейді: Шартты орындау мақсатында тегі, аты, әкесінің аты (бар

болса), жынысы, азаматтығы, туған күні және туған жері, жеке басын куәландыратын негізгі құжаттың нөмірі, көрсетілген құжаттың берілген күні және оны берген орган туралы мәліметтер, тіркелген немесе тұрғылықты (болатын) жері бойынша тіркелген мекенжайы, байланыс деректері (жылжымалы радиотелефон байланысының телефон, абоненттік құрылғысының нөмірі, электрондық пошта мекенжайы). Дербес деректерді өңдеу Шарттың қолданылу мерзімі ішінде, сондай-ақ Шарт тоқтатылған сәттен бастап 3 (үш) жыл ішінде дербес деректерді жинауды, жазуды, жүйелеуді, жинақтауды, сақтауды, нақтылауды (жаңартуды, өзгертуді), алуды, пайдалануды, беруді (таратуды, ұсынуды, қолжетімділікті), иесіздендіруді, бұғаттауды, жоюды қамтиды. Пайдаланушы осы Келісімді кері қайтарып алу мүмкіндігі туралы хабардар етілгенін растайды.

11.4. Тараптар 21.05.2013 жылғы «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған құқықтар мен міндеттерді орындауға келіседі.

11.5. Пайдаланушы Жеке кабинетке және Пайдаланушы Жеке кабинетте тіркелген кезде көрсеткен электрондық пошта мекенжайына хабарлама жіберу арқылы Жалға берушінің кез келген өнімдері мен қызметтері туралы жарнамалық және ақпараттық сипаттағы жіберілімдерді алуға өз келісімін

беред. Бұл келісім белгісіз мерзімге беріледі және Жалға беруші Пайдаланушының жіберуден бас тарту туралы хабарламасын алғанға дейін қолданылады.

**«battomat Kazakhstan» ЖШС**

БСН 230940012429

## **12. Жалға берушінің деректемелері**

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 38, «Кең-Дала» БК, 202 кеңсе

«ForteBank» АҚ Алматы қаласындағы филиалы

KZ1796502F0016641540 SWIFT коды: IRTYKZKA Банктің БСН: 980341000286

Электрондық пошта мекенжайы: [info@battomat.kz](mailto:info@battomat.kz)

Қолдау қызметінің телефоны сайтта және мобильді қосымшада байланыс бөлімінде көрсетілген.